

▶ «Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі», - деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтан кем болған жоқ. Оның көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ұлт мәдениетінде бағалы киімдер сый-сыяпат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген. Ат, шапан сыйлау құрметтеудің көрінісі деп бағаланған.

Қазақ халқының ұлттық киімдері

Қазақ халқының ұлттық киімдері – киім үлгілері. Этникалық, экономиялық және климаттық жағдайлар ескеріліп, ежелгі дәстүрлер бойынша тігіледі. Қазақтарда ішкі, сырттық, сулық, бір киер, сәндік және кейбірінде салтанат-ғұрып киімдері болады. Бір киер киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиындарға барғанда, жат елге сапарға шыққанда киетін сәнді киімдерді атаған



- ▶ Ертеде халық шеберлері қазақтың болмысына тән, кигенде ыңғайлы әр түрлі киім үлгілерін жасаған.



Ұлттық киімдердің түрлері

Пайдалану ерекшеліктеріне қарай

- Күнделікті
- Сәндік

Жыл мезгіліне байланысты

- Қыстық
- Маусымаралық
- Жаздық
- Күздік

Жас және жыныс ерекшеліктеріне сәйкес

- Сәби киімі
- Бозбала киімі
- Бойжеткен киімі
- Келіншек киімі
- Қалыңдық киімі
- Жас жігіт
- Ақсақал киімі

Ерлердің бас киімдері

1. Бөрік
2. Тымақ
3. Малақай
4. Қалпақ
5. Тақия

Әйелдердің бас киімдері

1. Кимешек
2. Жаулық
3. Бөрік
4. Сәукеле
5. Тақия

Тымақ – аң, мал терісінен жасалған қыстық бас киім.



Қасаба – қымбат матадан тігілетін қыздардың бас киімі.




Бөрік – жиегіне аң терісін салған, төбесіне үкі қадалған, сырты әшекейленген, ерлер де, қыздар мен жас келіншектер де киетін бас киім.



Төбетей – төбеге киетін жаздық шағын бас киім.



Тақия – қыздардың үкілеген, әсем зергерлік бұйымдар тағылған бас киімі.



Құлақшын (*малақай*) – қыстық бас киім.



ҚҰЛАҚШЫН




Жалбағай – малшылардың жаздық бас киімі.




Ер кісілердің тақиялары.



Ерлерге арналған тақиялардың кестелісі де, кестесізі де болады.



Қалпак ақ киізден
немесе қалың
матадан тігілген
ерлер бас киімі.



Мұрақ - лауазымды адамдар сән-салтанатқа киетін қалпақ





Қыздардың тақиялары



Бөрік

Бас киімдер

Сырт киімдер

Киімнің негізгі түрлері

Ішкі киімдер

Аяқ киімдер



Ішкі киімдер

1. Жейде
2. Көйлек
3. Дамбал
4. Шалбар
5. Бешпент
6. Қамзол
7. Желет

Сыртқы киімдер

1. Шапан
2. Сырмалы шапан
3. Тон
4. Ішік
5. Шидем

Аяқ киімдер

1. Мәсі
2. Кебіс
3. Әйел етігі
4. Ерлер етігі

- ▶ Ішкі киімдері: көйлек, дамбал, желетке, кәзекей; сырт киімдерге: шапан, күпі, кеудеше, тон, шидем; сулық киімдерге: шекпен, қаптал шапан, кебенек кенеп, сырттық жатады (қазақ Киім). Киім мәуітіден, жүн және жібек матадан, киізден, аң терісінен тігіледі. Қазақтар құланның, ақбөкеннің, жолбарыстың, жанаттың, бұлғынның, сусардың, ақ тышқанның терілерін ерекше қымбат бағалайды. Бұл аңдардың терілерінен тондар тігілді. Астарына құнды аң терісі салынған тон – ішік деп аталды. Осы аң терісіне сәйкес бұлғын ішік, жанат ішік, қасқыр ішік, күзен ішік болып бөлінеді. Ішіктердің сыртын шұға, мәуіті, үш топ барқыт, атлас, көк берен, манат, қырмызы, торғын, ләмбек сияқты бағалы ширақы маталармен тыстаған. Ішіктер кейде әдепті, оқалы, шет-шеті жұрындалған қайырма жағалы болып тігілген.

Iški kuim



▶ Қазақ әйелдерінің ұлттық киімі, негізінен, көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, камзол, кәзекей, кебіс-мәсі, көкірекшеден тұрады. Әшекей, ажар жағынан төрт топқа арналып тігіледі. Олар қыз киімдері, келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен бәйбішелердің киімдері. Қыз киімдері кеуделері тар, қынамалы, жаға, жең, кеудесі, өңірі кестелі, әшекейлі келсе, жас ұлғайған сайын неғұрлым етектері кең, мол қаусырмалы бола түседі.



- ▶ Қыз киімдері қынамалы, кеуде тұсы мен жаға-жеңі кестелі, көйлектері қос етекте, бас киімдері үкілі, моншақты, аяқ киімдері биік өкшелі, ыңғайлы және қай киімі болса да алтын, күміс, меруерт моншақтармен әшекейленген.



Қыз баланың көйлегі



5

© Хамзин Б. Х., 2007



Қамзол




6

© Хамзин Б. Х., 2007



Сырт киім



Хаттамалтай дээл, өмд. Embroidered deel, trousers


Арьсан дээл. Leather deel



- ▶ **Шапан** — Қазақстан мен Орта Азия халықтарының ұлттық киімі. Оны қалың матадан арасына жүн, мақта салып, астарлан немесе қос астарлан сырып тігеді. Ол негізінен тік жағалы, ішінара қайырма жағалы да болады. Шапан: *сырмалы шалан*, *қаптал шапан*, *қималы шапан* деп бөлінеді. Қыз-келіншектерге арналған қималы шапанды түрлі-түсті масатыдай тігіп, жаға-жеңіне, етегі мен екі өңіріне зер ұстайды. Түйме орнына асыл тастар орнатылған күміс қапсырма (ілгек) тағады. Қазіргі кезде түрлі-түсті масатыдай екі өңірі мен жеңі кестеленген немесе зер ұсталған жадағай (арасына жүн, мақта салмай) шапан айдар тігіліп сатылады. Қазақ халқының арасында сыйлы адамдарға сыйлық ретінде шапан кигізу дәстүрі кең тараған.^[1]



- ▶ **Шекпен** — жүннен тоқылатын сырт киім. Шекпен тек қана түйе жүнінен тоқылады. Күзеп алынған түйе жүнін шаң-тозаңынан арылтып, одан соң қолмен майдалан түтеді де, шүйке жасайды. Шүйкеленген жүнді ұршықпен иіреді. Шекпен тоқитын жіп өте жіңішке болады. Иірілген жіпті екі ағаштың арасынан ыспалап өткізіп, оның буылтықтарын кетіріп қайта өңдейді. Шекпен де терме бау тоқитын өрмекпен тоқылады. Тоқылып болған кездемені кәдімгі матадан киім пішкендей етіп өлшеп, шекпен пішеді. Шекпенді жазда киеді. Оған қара барқыттан не болмаса басқа тыстық матадан қаптал жаға (дөңгелек жалпақ жаға) салып, етек жеңін сондай матамен көмкеріп әдіптейді.
- ▶ Шекпеннің ең әдемі түрін «Шидем шекпен» дейді. Шидем шекпен тайлақтың жүнінен тоқыл ады. Тайақтың жүні әрі майда, әрі жеңіл болатындықтан, одан тоқырай шекпен де әдемі болып шығады. Шекпен су өткізбейді. Сондықтан ол әрі сулық, әрі жайшылықта кие беруге жарамды бес аспап киім. Су тиген сайын шекпен ширьғын қалындай түседі. Шекпеннің тағы бір артықшылығы ол таза түйе жүнінен тоқылатындықтан аса мықты болады, ұзақ киіледі.^[1]





Сәукеле



**Егде әйелдің
кимешегі**



**Той думанға
киетін кимешек**



**Жас әйел
кимешегі**



Келіншек кимешегі



**Жаңа түскен
келіннің той
киімі**